

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144928/

Адамзаттың тұлға болып қалыптасудағы түп тамыры-мәдениет пен дәстүр.

Әр адам жеке кеңістік құруы үшін әртүрлі факторлар әсер етеді. Соның бірегейі мәдениет деп айтсам артық айтқаным емес. Бір белгілі дүниемен адамның ойың өзгертетің затты мәдени мұра қатарына қосуымызға болады. Мысалы, театр және кино, музыка. Осы айтылғандардың барлығы адамның өміріндегі орны ерекше. Ал, қазақ мәдениетінің белгілі бір деңгейі бар ма? -деген ой туындайтыны анық.

Ата бабамыз бұрынғы кезден мәдениетті қалыптастырған. Оған, дәлел соң-ау жыраулар поэзиясынаң қазіргі сазды әуендерді тілге тие кетсек болады. Прозалық, поэзиялық жанрдада қазақ осал қалған емес. Театр және кинода әлемнің үздік фестивальдарының бірі “Кан фестивалыне” біраз дүниемізді ұсынғанбыз.

“Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа” деген сөз еске түседі осындай сәтте. Дәстүр тұрғысынанда қазақта ауыз толтырып айтатындай дүние жетеді.

Бірақ, осы дүниелердің барлығы қазіргі қазақ жастарының зейіннің арттырып жатыр ма? Деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Ата бабамыздың қолыңа алған аспаптарының барлығынаң әсем әуен шырқала кететін-мыс. Дәстүрлі музыка немесе заманауи музыка болсын жастардың назарына ілігетіні шындық. Тындап ғана қоймай орындаушылық қасиетінеде қызығушылық зор.

“Республикада әртүрлі көркемдік профильдегі орындаушы ұжымдар – Мемлекеттік симфониялық оркестр, Құрманғазы атындағы қазақтың халық аспаптар оркестрі, хор капелласы,

халық би ансамблі, Мемлекеттік квартет, эстрадалық ансамбльдер, үрмелі және джаздық оркестрі пайда болды. Қазақстан -әлемдік масштабтағы классикалық музыканы орындаушылар отаны.

1990 жылдардың басында қазақ жастарының музыка королы-Шәмші Қалдаяқов атамыз болды. Кейбір деректерде қазақ вальсінің королы депте баяндалады. Өзінің көрнекті әуендерімен қазақ мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор.

Қазақтың ұланы Оспан батыр айтқандай:

“Елді соғыссыз құрту үшін, тек ғана дәстүрімен тілің шұбарту керек” дейді.

Сондықтан кез келген адам өз дәстүрін жеткілікті деңгейде білуі қажет. Қазақ даласында сан түрлі дәстүр бар.

Негізгі мақсаты ақ пен қараны ажырату.

Қаз-қаз қадам басқан баладан бастап, еңкейген шалға дейін дәстүрге қатысы бар. Бала тәй тәй қадам басқан кезде тұсаукесер дәстүрін орындайды. Ала жіпті өріп, баланың аяғына байлайды да, елге сыйлы бір адамға тұсауын кестіреді. Тұсауын кескен адам сияқты жолы дара болсын деген ниетпен. Кезекпен келетін болсақ, ұл балаларға жасалатын келесі дәстүрдің бірі-Сүндетке отырғызу. Баланы жігіт болуымен теңестірген қазақ халқы осылай мысқылдаған.

“Қызға қырық үйден тыю” деген мақалымыз бекер шықпаса керек. Қыз баланыда жұртымыз ерекше құрметтеген. Басынаң ақ жаулығын тастатпай, аса зерелікпен тәрбиелеген. Ұядан ұшырып, қияға қондырған кез-тұрмысқа беруі.

Осылай-ша, дәстүр мен мәдениеттің ара жібін ажыратуға болады.

Адам бойындағы құндылықтарды қалыптастырушы осы екі дүние. Рухани дамымаған адамның еліне де пайдасы тимейді. Әр дүниеден өзіңе керек деген құндылықты бойына сіңірген жағдайда нағыз мәдениет пен дәстүрдің қадірін біледі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мырзамыз дүйім жұртқа паш еткен Жаңа Қазақстанды құрудағы негізгі діңгек осы мәдениет пен дәстүр болып табылады. Дамыған елдер қатарына кіруіміз үшін тәлім тәрбие керек. Ал тәрбиені біз осы жоғарыда аталған дүниелерден алатынымыз анық.

Осы мақаламның бір жаңға пайдасы тиіп, қазақ мәдениеті мен дәстүріне махаббатың оятсам еңбегім зая кеткені емес!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.